



• ТӨТЕНШЕ Оқиға

Бейқамдықтың белгісі, салғырттықтың салдары

Быттыр – Қостанай, биыл – Абай. Бейқамдық тағы да берекені алып, салғырттық сан соқтырды. 14 отбасы қара жамылып, қайғыдан қан жұтты. Өткен жылғы оқиға сабақ болмай, өзін алдады ма, әлде өзгеге көз қылды ма, елімізде сол кездің өзінде жиілеп кеткен өртке байланысты Төтенше жағдайлар министрлігінің экс-басшысы Юрий Ильин өткен жылы отставкаға кетуге дайын екенін мәлімдегенде, сынан қорытынды шыққан болар деп ойлаған едік. Тіпті, экологияға да, экономикаға да орасан соққы болған алапат өрттен кейін-ақ, министрлік тілсіз жауға қарсы шығар бес қаруын сайлап, кез келген жағдайға сақадай сай отырар деген жақсы ойдың да жылт еткені жасырын емес. Бірақ, былтырғы былтырғы ма, Абай облысындағы өрт халықаралық экологиялық Greenpeace ұйымының мәліметінше, әлемдегі ең ірі өрт ошағы ретінде тіркеліп, 60 мың гектардан астам аумақты қамтыды. Тағы да сол салғырттық. Өртке қарсы арнайы киімі мен көлігі де жоқ орманшылар тілсіз жаумен жалаң қол арналысып, өліммен бетпе-бет келгенде, жергілікті жердегі құзырлы орган өкілдері жағдайды біле тұра оқиға орнына кеш келген.

Салтанат ГИЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Абай облысына келген Президент Қасым-Жомарт Тоқаев министрлікті де, басқа да тиісті органдарды да сынга алып, апаттын ауқымы бойынша қате болжам жасалғанын айтты.

– Шұғыл шаралар қабылдап, өртті сол жерде өшіруі, кем дегенде оқшаулауы керек еді. Оны істемеген. Жағдайға салғырт қарап, біліктілік танытпады. Барлығы жазаланады, – деді.

Ел аман жұрт тынышта бақилық болған 14 жанның отбасымен кездескен Қасым-Жомарт Кемелұлы жағдайдың өзіне толық мәлім екенін де айтты.

Көз жасына ерік берген қайтыс болған өрт сөндірушінің жұбайы жолдасының қызмет кезінде орманға жеке көлігімен барғанын жеткізді Президентке. Тіпті, 100 000 теңге жалақы үшін өмірлерін қиғандардың қалай жұмыс жасағандарын да дәл осы орман өрті көрсетті. Тиісті киімі, хабарласатын рациясы да жоқ, бола қалған күнде де қуаты жоқ құралдармен жұмыс істегендердің, әлбетте, алапат өртке қарсы тұра алмасы анық еді.

«Семей орманындағы» өрт осылайша талай дүниенің бетін ашты. Ал, Мемлекет басшысы келеді дегенде, бюджет ақша белмеді деген сылтаумен өмірі асфальт көрмеген ауыл көшесіне жол саламыз деп, алашапқын болуының өзі мәселенің мәнісін көрсетіп тұрғандай.

Қазір Абай облысында өрт сөндіру үш бағытта, атап айтқанда, оңтүстік, батыс



және шығыс жиектері бойынша жалғасуда деп хабарлады Төтенше жағдайлар министрлігінің баспасөз қызметі. Бірақ, ауа райының өзгеруіне байланысты орман өртінің сөндіруге 1,5 мың адам және 300 техника жұмылдырылса да, өрт оңтүстікке қарай таралуда. Бұдан басқа, өрт майданын аэровизуалды тексеруді және өрт ошақтарына су бүркуді жүзеге асыру үшін 14 тікұшақ тартылған. Өрт басталғалы 621 рет 1900 тонна су шашылған. Бірақ,

соған қарамастан минутына 18 метр жылдамдықпен соққан жел де тіліс жауды ауыздықтауға мүмкіндік бермей тұрғанын жазды аталған ведомостваның баспасөз қызметі.

Оқиға орнына Экология, геология және табиғи ресурстар министрі Зүлфия Сүйлейменова да келді. Себебі, әуелде өрт шыққан «Семей орманы» табиғи резерваты – дәл осы министрліктің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі коми-

тетінің қарамағында.

Президент Юрий Ильинді отставкаға жіберді, Абай облысының әкімі Нұрлан Урбанхаевтың жұмысына көңілі толмағанын айтып, міндеттерін тиісті түрде орындамағаны үшін сөгіс жариялады. Бірақ, бұл болары болып, бояуы сіңіп кеткеннен кейін 60 000 гектар жерді лезде қалыпқа келтіріп, жақындарынан айырылғандардың көңіліне жұбаныш болмасы анық.

Дегенмен, Президент уәде берді. Абай облысындағы өрт елімізде әлі күнге дейін күрмеуі шешілмеген талай дүниенің, жұмысына салғырт құзырлы орган басшыларының бар екенін көрсетті. Барлығына топырақ шашқан емес. Бірақ, барды бар деп айтқан да жөн. Сонымен бірге, өртке тосқауыл боламын деп, жанқиярлыққа ба-



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

Қаза тапқандардың отбасына көңіл айтты

Қазақстанда 12 маусым – Жалпыұлттық аза тұту күні болып жариялануына байланысты облыс әкімдігіндегі аппараттық кеңес бір минут үнсіздіктен басталды. Жиынға қатысқандар «Семей орманы» табиғи резерватында өрт кезінде қаза тапқан орман шаруашылығы қызметкерлерін еске алды.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҮЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев Абай облысында орман өрті кезінде қаза тапқандардың туыстары мен жақындарына қайғырып көңіл білдірді.

– Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 12 маусымды Жалпыұлттық аза тұту күні деп жариялады. Облыс әкімдігі атынан қаза тапқандардың туыстары мен жақындарына қайғырып көңіл айтамын. Осы қиын күндерде облыстың әр тұрғыны қаза болған жандардың отбасы мен жақындарының қайғысына ортақтасады, – деді облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев. Өңір басшысы Қарағанды облысында табиғи және орман өртінің алдын алуды күшейту қажеттігін ерекше атап өтті.

– Ауа райының тосын құбылыстарына байланысты өрттен келер қауіп жоғары. Бір апта ішінде ғана мамандар өрт тұтанған 300-ге жуық орынға барып, 15 адам құтқарылды. 17 төтенше жағдай тіркелді. Оның ішінде бір орман өрті бар. Орман қорының тұрақты мониторингі бойынша аса шұғыл шаралар қабылдау қажет. Өрт қауіпінің жоғары кезеңінде дрондарды қолдану, сондай-ақ, өрт ошақтарын ерте анықтаудың цифрлық жүйелерін пайдаланудың өмірлік маңызы бар. Орман қоры қауіпсіздігін толық қамтамасыз ету және авиациялық әрі жердегі патрульдеуді тиісті деңгейде шұғыл жұмылдыру үшін қажет нәрсенің бәрін жасау керек, – деп атап өтті Ермағанбет Бөлекпаев.

• ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

Қаралы күндер жылнамасы

Өкінішке қарай, тәуелсіздік жылдары еліміз 12 рет Жалпыұлттық аза тұту күнін бастан өткізіп отыр.



2006 жылы 22 қыркүйекте Қарағанды облысындағы шахталардың бірінде метан газы жарылып, салдарынан 7 адам жараланып, 41 адам мерт болды.

2008 жылы Қарағанды облысындағы «АрселорМиттал Теміртау» компаниясына қарасты «Абай» шахтасында да метан газы жарылды. Апаттан 14 адам ауыр жараланып, 30 адам қайтыс болды.

2010 жылғы 11 наурызда қазіргі Жетісу облысындағы Қызылағаш су қоймасындағы бөген бұзылып, 45 адам қаза тапты.

2012 жылғы 30 мамырда «Шығыс» аймақтық шекара қызметі Үшарал отрядының «Сары бөктер» заставасында 12 шекарашы мен қорықшы кісі қолынан қаза тапты. Оқиға тарихта «Арканкерген»

оқиғасы деген атпен қалды.

2012 жылғы 25 желтоқсанда Шымкент маңында Ұлттық қауіпсіздік комитеті шекара қызметінің ұшағы құлап, борттағы 27 адам бақилық болды.

2013 жылғы 29 қаңтарда Алматы қаласы маңындағы Қызылту ауылына жақын жерде Seat компаниясының Көкшетау-Алматы бағытындағы әуе рейсі жерге құлап, 21 адам көз жұмды.

2016 жылғы 5 маусымда Ақтөбе қаласында радикалды ұстанымдағы қылмыстық топпен арадағы қарулы қақтығыс кезінде 21 адам ажал құшты.

2019 жылғы 27 желтоқсанда Bek Air әуе компаниясының ұшағы Алматы әуежайы іргесіндегі екі қабатты үйге соғылып, 12 адам қайтыс болды.

2020 жылдың 13 шілдесінде еліміз бойынша коронавирустан қаза болған жандарды еске алуға арналған аза тұту жарияланды.

2021 жылғы 28 тамызда Жамбыл облысының Байзақ ауданында оқ-дәрілер қоймасындағы өрт пен жарылыстардың салдарынан 17 адам қазаға ұшырады.

2022 жылы 10 қаңтар қасіретті Қаңтар қырғынынан соң Қазақстан Республикасында Жалпыұлттық аза тұту жарияланды.

2023 жылы 12 маусымда Абай облысындағы өртпен күрес кезінде қаза болған 14 адамның аруағы алдында бас иіп, Мемлекеттік Туды төмен түсіруге мәжбүр болдық...

Дайындаған
Ерқанат КЕҢЕСБЕКҮЛЫ

• БІЗ – БІРГЕМІЗ!

«Ел басына күн туса...»

Аллаға сыйынған ата-ана, алаңдаған жар, әкесін асыға күткен бала. Ел басына күн туса, ердің үйде қарап жатпасы анық. Қарқаралы қаласындағы №16 өрт сөндіру бөлімінен Абай облысына көмекке 5 адам бір техникамен жіберілді.

Сағыныш ӘБІЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Абай елі, Семей жеріндегі ауыр-пашылыққа ортақтасып, бейбіт күнде қарусыз майданда жүрген қарқаралылық бөлімше командирі азаматтық қорғау аға сержанты Әсет Оспанов, өрт сөндіруші-құтқарушы азаматтық қорғау кіші сержанты Жанболат Хасен, өрт сөндіруші-құтқарушы, азаматтық қорғау сержанты Бейсен Құсайын, өрт сөндіруші-автокөліктерінің жүргізуші-қызметкерлері, азаматтық қорғау аға сержанттары – Айдар Тұрсынов пен Қайрат Ринат Семей жеріндегі қызыл жалынды ауыздықтауға көмектесуде.

Лапылдаған оттың құрсауында қалған қарағайлы ормандағы өртті өшіруге тікұшақтармен қатар жүздеген техника, мыңдаған азаматтық қорғаныс қызметкерлері жұмылдырылуда.

– Келгенімізге 4 күн болды. Әзірге қызыл жалынды ауыздықтау мүмкін болмай тұр. Оның үстіне өрепкі соққан желден от қайта өршуде. Жан-жақтан жиналған адамдар орман өртінің өшіруге, елді мекендер мен адамдарды аман алып қалуға бар күшін салуда. Күні-түні жұмыс жасаудамыз. Көз алдында жасыл желек отқа оранып жатқанда, қалай тыныш отырарсың. Қорқыныш жоқ. Себебі, өртті тоқтату мен адамдардың амандығы – біз үшін басты міндет. Жаңа ғана қою қалың түтіннің арасынан шықтық. Біз сияқты басын бәйгеге тігіп, жанталасып жүргендер көп. Өрт қауіпі

ратындардың да, азын-аулақ жалақыға қарамастан, өліммен бетпе-бет келуге тайсалмайтындардың да бар екенін көрсетті.

Өрт фактісі бойынша прокуратура қылмыстық іс қозғайды. 9 маусымда сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталды.

... «Семей орманы» бұдан былай сабақ бола ма, жоқ па?! Ол жағы тағы беймәлім. Әзірге қолдан келері – өрттің толастап, адам шығынының болмағанын тілеу ғана...



төнген Талица, Қаштак, Половинки ауылдарында өрттің алдын алудамыз, – дейді өрт сөндіру автокөлігінің жүргізуші-қызметкері, азаматтық қорғау аға сержанты Айдар Тұрсынов.

Жергілікті халық пен еріктілер жол бойында кезіккен өрт сөндіру көліктерін тоқтатып су және азық-түлікпен қамтамасыз

етуде. Әсіресе, семейлік кәсіпкерлер зор белсенділік танытып жатқан көрінеді.

Ел қорғаны, батыл да қайсар мінезді, бүгінде Семей даласында тәуекелден таймай адамдардың амандығы мен орман өртінің сөндіруге еңбек етіп жатқан барлық азаматтық қорғаныс қызметкерлерінің еңбегі ерен.



• МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

Жағдай тұрақты болғанымен, қауіп сейілген жоқ

Абай облысындағы алапат өрт мұқым елді алаңдатуда. «Облыстағы ахуал қандай?» деген сауалмен Қарағанды облысы бойынша төтенше жағдайлар департаментінің өкілдеріне қоңырау шалған едік. Өткен демалыс күндерінің өзінде салалық департамент бөлімшелері оқыс оқиға болған 42 орынға барған көрінеді. Оның 28-і тұтанған өрт жайттары болса, 12-сі авариялық-құтқару жұмыстары. Бір адам құтқарылып, сегіз адам қауіпсіз жерге көшірілді. Олардың үшеуі – бала.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҮЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Мәселен, Осакаров ауданы Осакаровка кентінде тұрғын үй ауласында тұтанған өрт маңындағы қора шатырына жалғасқан. Жалпы ауданы 60 шаршы метр аумаққа жайылған жалын 531 бройлер балапаны өртеніп кеткен. Өрттің болжалды себебі – электр сымдарының қысқа тұйықталуы.

Қарқаралы қаласында жеке тұрғын үйде ауданы 30 шаршы метрлік тұрғын үй өртенді. Зардап шеккендер жоқ.

9 маусым күні Қарқаралы ауданының шығысындағы биіктікте, «Қарқаралы мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» республикалық мемлекеттік мекемесіне қарасты «Кент орман шаруашылығы» тау массиві мен орман алқабы отқа оранған.

Өрт сол күні төтенше жағдайлар департаменті өкілдерімен бірлесіп ауыздықталды. Қарауылда шараларына Қарқаралы мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің жасағы жұмылдырылды. Зардап шеккендер жоқ. Өрттің тұтануына найзағай себеп болды, – деп хабарлады ұлттық парк директоры Айдар Дарбаев.

Шет ауданының Акой ауылындағы тұрғын үй ауласында жалпы ауданы 50 шаршы метр шаруашылық құрылысының ағаш конструкциялары мен шөп отқа оранған. Зардап шеккендер жоқ. Өрттің себебін анықтау амалдары жүргізілуде.

Қарағанды қаласы Ермсков көшесіндегі 5 қабатты тұрғын үйде 2-қабаттағы пәтер балконының ағаш қаптамасы жанып, жалпы ауданы 3 шаршы метрді шарпыған. Құтқарушылар күшімен кіреберістегі пәтерлерден 8 адам, оның ішінде 3 бала эвакуацияланды. Зардап шеккендер жоқ.

Төтенше жағдайлар департаментінің баспасөз хатшысы Жанна Дәуренбекова өрттің алдын алу мақсатында қауіпсіздік шараларын қатаң сақтауды ескертеді.

– Қапырық күндері сөндірілмеген те-



мекі тұқылын тастау аса қауіпті. Электр қуатына қосылған үйдегі жабдықтардың жарамдылығына толық көз жеткізген маңызды. Бір электр желісіне бірнеше электр аспаптарын қосып қалдырып кетпеңіз. Балаларды қараусыз қалдырмаңыз. Отпен ойнауына жол бермеңіз! Тұрмыстық қалдықтар мен қоқысты бақылаусыз жағуға тыйым салынады. Ғимараттар мен құрылыс нысанынан 50 метрден кем қашықтықта от жағу қауіпті. Оқыс оқиға куәгері болсаңыз, тез арада 112 немесе 8 (7212) 433636, 433737 телефондарына қоңырау шалыңыз, – дейді департамент өкілі.

аумағында 45 өрт сөндіру бекеттері жұмыс істейді, оның ішінде биыл 9 бекет құрылды, олардың қарамағында жалпы саны 50 мың адамнан асатын 87 елді мекен бар.

Биылғы жоспарда Ақтоғай, Қарқаралы, Шет аудандарының аумағында тағы 3 бекет құру көзделген. Бұдан басқа, жоспардан тыс Ақтоғай ауданының Сарышаған кентінде өрт сөндіру бекетін құру жоспарлануда.

Тілсіз жау тыным бермеген аласапыран кезең қауіпсіздік шараларына аса мән беру қажеттігін мықтап ескерткендей, қымбатты оқырман. Сақтансаңыз сақтайды...

• АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

Мемлекеттік қолдау игілігі

Соңғы уақытта малды асылдандыруға барынша көңіл бөлінуде. Мал шаруашылығы саласын дамыту әрдайым өзекті. Өңірде асыл тұқымды мал басын өсіру бағытында ілкімді шаралар жүзеге асуда. Облыс әкімдігінің аппараттық кеңесінде ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Асқар Санаубаров биыл алты асыл тұқымды репродуктор мен төрт жаңа мал шаруашылығы кешенін ашу жоспарланатынын мәлімдеді. Бұл өз кезегінде ет пен сүт өндірісін арттыруға мүмкіндік бермек.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҮЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ведомство басшысының мәліметінше, өңірде 4 айда 94,4 мың тонна сүт, 26,3 мың тонна ет, 221 млн. дана жұмыртқа өндірілген.

Асқар Санаубаров фермерлік шаруашылықтарда мал, оның ішінде асыл тұқымды мал саны артып келе жатқанын атап өтті. Бұған «Агро несие корпорациясы» АҚ арқылы көрсетілетін мемлекеттік қолдау ықпал ететін көрінеді. Биыл 1 742 бас ірі кара мен 2 316 жылқы сатып алынған. Мұнымен қатар, облыста жем-шөп дақылдарының алқабы едәуір кеңейді.

– Тұқымдық түрлендіру, селекцианы ынталандыру жолымен асыл тұқымды мал басының үлес салмағын арттыру бойынша



жұмыс ойдағыдай жалғасуда. 2026 жылға дейін мал шаруашылығы саласында 1 350 жұмыс орнын ашу арқылы 43 инвестициялық жобаны іске асыру көзделіп отыр. Бүгінде оның 10-ы іске асырылуда, яғни алты асыл тұқымды репродуктор және төрт мал шаруашылығы кешені құрылатын болады. Бұдан өзге, ауыл шаруашылығы жобалары

әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорация арқылы қаржыландырылмек. Міне, осындай оңтайлы тетік негізінде екі тауарлық сүт фермасын салу жоспарланған, – деді Асқар Дауқенұлы.

Спикер мал азығын жинау туралы да

баяндап өтті. Осы жылы өңірдегі мал шаруашылығы саласын шамамен 1,9 млн. тонна шөппен қамтамасыз ету қажет.

Өз кезегінде облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев мал шаруашылығын дамыту, асыл тұқымды мал басын көбейту тұрғысындағы жұмысты әрі қарай жалғастыруды тапсырды.

• ҚҰЛАҚҚАҒЫС

Саран қаласы тұрғындарының назарына!

Қарағанды облысының әкімі
ЕРМАҒАНБЕТ БӨЛЕКПАЕВ
Саран тұрғындарымен
кездеседі

(8-72137) 7-40-16

жұмыс күндері сағат 09:00-ден 18:30-ға
дейін (түскі үзіліс 13:00-ден 14:30-ға дейін)

sar_apparat@krg.gov.kz



Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев Саран қаласына барады. Өңір басшысы тұрғындармен кездесіп, жеке қабылдау өткізеді.

Халықпен кездесу 2023 жылғы 13 маусым күні сағат 15.00-де Саран қаласының мәдениет үйінде өтеді. Кездесуден соң азаматтарды жеке қабылдау өтеді.

Халықтан сұрақтар мен ұсыныстар жинау үшін жұмыс тобы құрылды. Өтініштеріңізді жұмыс күндері сағат 09.00-ден 18.30-ға дейін (түскі үзіліс 13.00-ден 14.30-ға дейін) (8-72137) 7-40-16 телефоны арқылы және sar_apparat@krg.gov.kz электрондық поштасы арқылы қалдыруға болады.

• БАСПАСӨЗ МӘСЛИХАТЫ

Аудан дамуында ілгерілеу бар

Ақтоғай ауданының экономикалық әлеуеті артып келеді. Бұл туралы аудан басшысы Руслан Кенжебеков өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихатында мәлімдеді. Аудан басшысы аймаққа инвестиция тарту және игерілмеген жерлерді қайтаруға бағытталған жұмыстарды тілге тиек етті.

Нұрдос КӨРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Баяндамашының айтуынша, алты айлық көрсеткіш бойынша ауданның экономика жағынан даму көрсеткіші жоғары. Есепті мерзімде ауданда қолайлы инвестициялық ахуал қалыптасқан. Негізгі қорға тартылған инвестиция көлемі 8 млрд. теңгені құраса, жылдық жеке 21,5 млрд. теңге көлемінде. Сонымен қатар, Ақтоғай ауданында жаңа дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы жоспарлануда.

– Маңызды міндеттердің бірі – жастарды бұқаралық спортқа тарту. Ол үшін жағдай жасаймыз. Сарышаған кентінде ДСК саламыз, Шашубай кентінде дәл осындай нысан үшін жобалау-сметалық құжаттама дайындаймыз. Барлық елді мекендерде биыл баскетбол-волейбол алаңдары, ат спорты, көкпарды дамытуға арналған алаңдар, хоккей қорттары және балалар спорттық ойын алаңдары орнатылады. Бұдан бөлек, биылғы жылы ауданымызда ауқымды жұмыстар атқарылуы жоспарлануда. Ұлттық жобалар, әртүрлі мемлекеттік және салалық бағдарламалар аясында жеке сектор қаражаты есебінен 10 млрд. теңге қаржы көлемінде құрылыс нысандарын салу, күрделі, ағымдағы жөндеу және елді мекендерді көркейту жұмыстары кең көлемде жүргізіледі, – деді Ақтоғай ауданының әкімі Руслан Кенжебеков.

Сондай-ақ, денсаулық сақтауды дамытуға да жігі назар аударылады. Орталық аурухананың материалдық-техникалық базасын жақсарту үшін қаражат бөлінген. Қызыларай ауылында фельдшерлік-акушерлік пункттің құрылысы басталған. Келесі жылы тағы тоғыз елді мекенде денсаулық сақтау нысандары салынады деп жоспарлануда.

– Ауданда алдағы жылдары жалпы құны 47 миллиард теңге болатын өнеркәсіп саласында темір және түсті металл өңдеу, мыс штейн және молібден өндіру үшін 5 жоба-



ны жүзеге асыру көзделуде. Сөйтіп 1100-ден астам жұмыс орны ашылады деп жоспарланатын отыр. Халықтың әлеуметтік әл-ауқатын жақсарту мақсатында көптеген мемлекеттік бағдарламалар, түрлі қаржы институттары, облыс және аудан әкімінің кәсіпкерлерді қолдау гранттары арқылы ауданға инвестиция тарту жұмыстары шешімін тауып келеді. Мәселен, 2023 жылы аудан бойынша 13 жаңа әлеуметтік нысан ашылып, оған 190 миллион теңге жұмсалмақ, жаңадан 15 жұмыс орны құрылады. Сондай-ақ, ағымдағы жылы Ақтоғай ауылында жеке инвестициялар есебінен салынған 10 пәтерді сатып алу жоспарлануда. Осылайша, кезекті азайтып, 110 отбасының тұрғын үй жағдайын жақсартамыз. Сонымен қоса, ауданда Ақтоғай ауылында тағы төрт 16 пәтерлі тұрғын үйдің құрылысына ЖСҚ түзетіледі. Қазіргі уақытта жоба 2 кезеңге түзетілуде. Екі үйдің құрылысы биыл басталады. 2024 жылға Сарышаған кентінде 40 пәтерді 756 млн. теңгеге сатып алу жоспарда бар, – деді Руслан Кенжебеков.

Айта кетейік, аудан басшысының мәлімдеуінше, бүгінде кезекте тұрғандары тұрғын үймен қамтамасыз ету үшін Шашубай ауылында 100 пәтерлі көпқабатты үй қалпына келтірілуде. Сондай-ақ, ауданда орталықтандырылған көріз жүйесінің құрылысы жалғасуда. Жобаны 2024 жылы аяқтау көзделіп отыр.

Қарағанды құрылысы – қарқынды

«Шапағат» тұрғын үй кешенінде 10 қабатты үйдің блок-секциялары пайдалануға беріледі. Қазір мұнда қарқынды жұмыстар жүргізілуде. Кешенің аяқталмаған секцияларында сегізінші қабатты қабырғасы қаланды. Құрылыс басында 65 жұмысшы қызмет атқарады.

Олар техникамен және материалдармен толық қамтамасыз етілген. Нысан техникалық қадағалау қызметкерлерінің бақылауында. Құрылыс аяқталғанша үйлердің аумағы абаттандырылыпты. Тұрғын үйді 90 отбасы жалға алып отыр. Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев жұмыс барысын қадағалап, мердігерге кестеден қалмауды және жұмыс сапасын бақылауды тапсырды.

Сондай-ақ, қалада тағы бір құрылыс нысаны бой көтерді. Ол Майқұдықтағы Чапаев көшесінде орналасқан әлеуметтік несиелік тұрғын үй. Құрылыстың бұрынғы мерді-

герімен келісімшарт бұзылып, биыл тоғыз қабатты ғимаратты салуға жаңа мердігер кірісті. Тұрғын үйде – 108 пәтер. Қазір екінші қабатты көтеру жұмыстары жүріп жатыр.

Қарағанды қаласының құрылыс бөлімінің басшысы Мұрат Камалиевтің айтуынша, құрылыс 2024 жылдың бірінші тоқсанында аяқталмақ.

Ал, Белинский көшесіндегі тоғыз қабатты ғимараттың құрылыс жұмыстары 90%-ға аяқталды. Құрылысшылар ғимараттың ішкі орлеу жұмысына көшкен. Тамыз айында абаттандыру басталады. Мұнда жалпы




72 пәтер жалға берілді.

Аймақ басшысына жылу желілерінің жобалары таныстырылды. Биыл 21-шағын

ауданның №4 араластыру торабына жалғанып жылу желілерін қайта құру басталды. Мақсат – Шахтерский шағын ауданының жылу желілерін қосу мүмкіндігін қарас-

тыра отырып, қолданыстағы жылу көздерін кеңейту. Орталықтандырылған жылу II және III қабатты үйлерге қосылды. Құбырларды



РЕФОРМА –
ӨМІРШЕҢ ӨЗГЕРІСТЕР

төсеу аяқталуға жақын. Тек, 5,3 шақырымның 300 метрін ғана төсеу жұмыстары қалды. Ал, Бирюзов көшесінде № 26 араластыру торабы қайта іске қосылды. Бұл 11-шағын ауданның жылу желілерін жапартуға, № 102 мектепті орталық жылу желісіне қосуға және жаңа нысандарды жылумен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Алданыш ОЛЖАБАЕВА,
Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің II курс студенті

• ТИКЕЛЕЙ ЭФИР

Қызылша қаупі әлі сақталады

Жыл басынан бері облыста 14 жасқа дейінгі балалар арасында қызылшаның 9 жағдайы тіркелді. Оның 88,8%-ы зертханалық расталса, қалғаны әлі зерттелуде. Облыстық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысы Юрий Залыгиннің айтуынша, анықталған жағдайлардың 78%-ы сырттан әкелінген. Қалған 22%-ы байланыс арқылы жұққан.

Басқарма басшысының айтуынша, қызылша вакцинаға көнетін инфекция. Сондықтан, ол вакцинация жасатуға кеңес береді. – Қазақстанда қызылшаға қарсы вакцинация екі рет жүргізіледі.

тірілген, – деді Юрий Залыгин. Былтыр әлемде қызылшаның 155 мыңнан астам жағдайы тіркелді. Дерттің белен алуы корона-вирус пандемиясы кезінде тиісті екпенің жасалмауынан дейді ма-

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Қызылша – бұл аса жұқпалы, қауіпті ауру. Ол ауа тамшылары арқылы беріледі. Мәселен, тұмаумен ауырған наукас 10 адамның екеуіне жұқтырса, қызылшамен ауырған адам екеп алмаған он адамға жұқтырады. Яғни, екеп алмағандарға 100% қауіп төндіреді. Сонымен қатар, вирус ауада тез таралады, құбырлар, лифт шахталары және басқа да коммуникациялық құрылғылар арқылы жоғары көтеріледі. Мәселен, көпқабатты үйдің ауа құбырына түскен қызылша вирусы подьездегі барлық адамға жұғуы мүмкін, – дейді тікелей эфир барысында Ю.Залыгин.

Аурудың белгілері оны жұқтырғаннан кейін 9-11 күнде білінеді. Дене қызуының көтерілуі, әлсіздік, жөтел, тыныс алу жолдары, шырышты қабаттар, ауыз қуысы және көздің қабынуымен сипатталады. 13-14-ші күні құлақ артында, бет-



те бөртпе пайда болады. Бір тәулік ішінде бөртпе бет пен мойынға, екінші күні – кеуде мен қолға, одан кейін барлық денеге таралады.

Біріншісі баланың 12-15 айлығында, екіншісі 6 жаста. Қызылшаға қарсы вакцинада қызамық пен паротитке қарсы компоненттер бірік-

мандар. Сонымен қатар, вакцинацияға қарсы адамдардың көбеюі де екеп алмағандар қатарын арттыруда.

• ОҚИҒА

Өрт сөндіру көлігі өртенді

11 маусымда Абай облысындағы орман өртенді. Қарағандыдан барған өрт сөндіру машинасы өртеніп кетті.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Өкінішке қарай, орман алқабындағы жалын тез таралып, ауыздықталмай тұр. Бірнеше облыстан көмекке барған өрт сөндірушілер өртті сөндіру амалдарын жасап бағуда.

Министрлік деректері бойынша орман өртендіріуге 1 500 адам, 300-ден астам арнайы техника, 14 тікұшақ жұмылдырылған. Сонымен қатар, өрт сөндірушілерге әскерилер мен еріктілер жәрдем көрсетуде.

Естеріңізге сала кетелік, 2023 жылғы 8 маусымда Абай облысын-



Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің баспасөз қызметі ұсынған ақпаратқа сәйкес, Талица елді мекенінде арнайы көлікті от шарпыған, зардап шеккендер тіркелмеді.

да «Семей орманы» мемлекеттік орманы табиғи резерватының аумағында орман алқабы өртенді.

Сурет ҚР ТЖМ баспасөз қызметінен алынды

Қатерлі ісіктен хабардар болыңыз

Өткен апта да ел аумағында бас және мойын ісіктері туралы хабардар болу апталығы өтті. Қаладағы №3 көпсалалы ауруханада апталыққа орай баспасөз мәслихаты ұйымдастырылып, ашық есік күндері де болды.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бас және мойын ісіктеріне ауыз, жұтқынақ, көмей ісіктері, сондай-ақ сирек кездесетін мұрын, синус, сілекей бездері және ортанғы құлақ ісіктері жатады. Бас және мойын қатерлі ісігі деп аталғанымен, ісік пайда болуы мүмкін деген 30-дан астам орын бар.

Мамандардың айтуынша, бас және мойын қатерлі ісіктерінің

көпшілігі визуалды локализация, яғни көзбен көруге болатын ісіктер түріне жатса да, пациенттердің жартысына жуығы аурудың асқынған уақытында дәрігерге қаралады екен.

– Бұл бір күн ішінде пайда болатын дерт емес. Ол – созылмалы ауру. Дер кезінде мән бермесе, қатерлі ісікке айналады. Оны емдеу қиындау бірақ, мүмкін. Негізінде бұл өзгерістерді наукастар өздері қарап, байқай алады. Алайда, бізге кеш келеді, – дейді PhD доктор Бекжан Оразбаев.

Оның айтуынша, бас және мойын қатерлі ісігі бір айдан бірнеше айда дамиды.

– Әдетте дені сау адамдарда жаракат бір аптада жазылып кетуі керек. Бір-екі ай бойы жазылмаса, дәрігерге барған жөн. Биопсия аламыз, зерттейміз. Ісік қатерлі болса, консилиум жасалып, емдеу жолы таңдалады. Аурудың бірінші сатысында сәулелік терапия, операция жасалады. Бұл кезеңде қатерлі ісіктің қай түрі болмасын емделеді, – дейді Бекжан Әліпбайұлы.

Дәрігер профилактика үшін зиянды заттардан бас тарту керек екенін де айтты.

– Темекі тарту, насыбай атуға болмайды. Гигиена сақтау керек. Бас және мойын қатерлі ісігі



бойынша мыңға жуық адам тіркеуде. Былтыр 80 наукас жаңадан анықталды. Төрт адам қайтыс болды, – дейді дәрігер.

Аурудың салдары ісіктің орналасуына байланысты. Мәселен, тілдің қатерлі ісігі болса, ауырыну, қан кету, тілдің жансыздануы мүмкін. Яғни, адам сөйлеу, шайнау, жұту қабілетінен айырылып қалады. Бір айта кетерлігі, бұл дерт сирек кездесетінін білген жөн.

Бас және мойын ісіктерін диагностикалау және емдеу мамандандырылған клиникада бірнеше бағыттағы дәрігерлердің қатысуымен жүргізілуі керек. Онколог, оториноларинголог, хирург, қажет болса, офтальмологтар, жақ-бет хирургтары, нейрохирургтар тартылады.

Онкология және сәулелік диагностика кафедрасының профессоры Валентина Сиротаның айтуынша, кафедрада стоматолог, лор, эндокринолог дәрігерлерді оқыту қолға алынған.

– Стоматологтар мен лор дәрігерлерді оқыта бастадық. Бұл онко қауіпті ескеру үшін жасалуда. Көбінесе ісік сілекейлі шырышты қабатта, тілде кездеседі. Мәселен, тілдегі ісік дұрыс жасалмаған протез, коронкадан пайда болатын жаракаттардан да туындауы мүмкін. Сондықтан, аталған мамандарды оқыту маңызды, – дейді Валентина Сирота.

• БІЛІМ ОРДАЛАРЫНДА

Білім мен тәжірибе ұштасқанда...

Жазғы мектеп аясында Назарбаев Зияткерлік мектебінің оқушылары Қарағанды медицина университетінің базасында оқудан өтті. Олар университеттегі симуляциялық және білім беру технологиялары орталығында болып, алғашқы медициналық көмек көрсету әдістерін меңгерді. Осылайша оқушылар жас геологтардың қазақстандық ашық далалық олимпиадасы аясында өтетін «Қауіпсіздік техникасы негіздері» жарысына дайындалды.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Оқушылар жаттықтырушы Гүлден Идрисованың жетекшілігімен тыныс алу және жүрек қызметі

лерімен танысып, тәжірибеден өтті. Практикалық дағдыларды орындау және нәтижеге қол жеткізу үшін олар манекендер, сынық кезінде имобилизацияға арналған Крамер, Дитерихс шиналары, пневмошиналар, дененің әртүрлі бөліктеріне



тоқтағанда, сүйек сынғанда, буын шыққанда, дене жаракаты, күйік шалу кезінде, уланғанда және жәндіктер немесе улы жылан шаққанда көрсетілетін алғашқы көмек тур-

заманауи бір реттік шиналар, гемостатикалық турникеттер, таңғыш материалдар, антисептиктер сынды медициналық құралдарды пайдаланды.

• ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

«Қарлығаштай қанатымен су сепкен...»

Қарағандыда Абай облысының тұрғындарына гуманитарлық көмек жинау акциясы ұйымдастырылды.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Енді әрбір қарағандылық орман өртеніп зардап шеккен Абай облысының тұрғындарына қал-қадерінше гуманитарлық көмек көрсете алады.

Атаулы игі іске облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы мұрындық болды.

– Көмек көрсетуге ниет білдіргендер қолданылмаған заттарды, гигиена құралдарын, бірінші кезектегі ең қажетті заттарды өкеле алады, – дейді ассамблеялықтар.

Гуманитарлық көмек жинау қосыны Достық үйінде Шахтерлер даңғылы, 64, 114 кабинетте орналасқан. Байланыс телефоны 8 /7212/ 22-25-87.

Қайырым шарасынан шет



қалмай, жәрдем етіңіз, қымбатты жанашыр жандар!

Қарағанды облысы: ауа райы						
	13 маусым		14 маусым		15 маусым	
Қарағанды қаласы	+29	+14	+21	+10	+25	+11
Абай ауданы	+29	+13	+21	+11	+25	+9
Ақтоғай ауданы	+29	+10	+24	+11	+24	+9
Бұқар жырау ауданы	+26	+14	+18	+9	+22	+8
Қарқаралы ауданы	+27	+12	+18	+9	+23	+6
Нұра ауданы	+29	+13	+22	+10	+26	+9
Осакаров ауданы	+27	+16	+20	+9	+24	+9
Шет ауданы	+30	+12	+24	+11	+25	+10

Ақпарат <https://www.gismeteo.kz/> сайтынан алынды

Қоржынтүбек қомақты табыс әкеледі

Қарағанды облысындағы Балқаш, Приозерск қалалары туризмнің тартымды нүктесіне айналады деген болжам бар. Балқаш қаласындағы туризмнің әлеуеті туралы бұдан бұрын жазған едік. Енді, Балқаш курорттық аймағына кіретін Приозерск қаласының тыныс-тіршілігіне үңіліп көрейік.

Нүрдос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұрын Приозерск жабық әскери қала болды. Қазір Сарышаған полигонының әкімшілік орталығы. Қалада 300 орындық 8 қонақ үй жұмыс істейді. Бұған қоса, хостелдер мен шағын қонақ үйлер бар. 2014 жылдан бастап «Балқаш» емдеу-сауықтыру кешені жұмыс істейді. Қаланың бас жоспары әзірленген. Рекреациялық-сауықтыру секторының бос жатқан учаскелеріне демалыс орнын салу көзделіп отыр. Бұл туралы Приозерск қаласының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Ахан Жүсіпов айтып берді.

– Қалада 803 шағын және орта бизнес субъектісі жұмыс істейді. 2022 жылы «Кәсіпкерлікті дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жобасы» шеңберінде 165 миллион теңге сомасына 38 жоба іске асырылды. Быыл 189 миллион теңгенің 40 жобасы іске қосылады. Сонымен қатар, 82 миллион теңге сомасына бес шағын және орта кәсіпкерлік нысан іске қосылады деп күтілуде. Бұлардың басым бөлігі туризм саласын дамытуға бағытталып отыр, – дейді Ахан Жармаханұлы.



Сонымен қатар, қаланы көріктендіру, абаттандыру жұмысы да жолға қойылған. Жыл сайын көпқабатты үйлер ауласы жөнделеді. Бүгінгі таңда тек қала ішін емес, көл жағалауын да таза ұстау мен абаттандыруға жіті мән берілуде. Бұл мақсатқа қала бюджетінен қажетті қаражат бөлініп отыр.

2022 жылы Космонавтар көшесінің бойындағы жағажайды абаттандыру жұмысы басталған. Жаяу жүргіншілерге арналған жол төсенішін төсеу, балалар ойын-сауық алаңдарын орнату және қалаландыру жұмысы қарқынды жүргізілуде. Жұмыстарды осы жылдың маусым айына дейін аяқтау жоспарланып отыр. Одан соң аймаққа кәсіпкерлер тартылып сауда-саттық және балалар ойын-сауық орындары орналасатын болады.

– Қазір жергілікті кәсіпкерлер киіз үй тігіп, басқа да қызмет түрлерін көрсететін нысандар ашуды жоспарлап отыр. Сонымен қатар, Алматы қаласынан инвестор балалар ойын-сауық кешенін жасауды қолға алды. Туризмді дамыту мақсатында жағажайлар белгілі аймақтарға бөлініп демалыс орындарын, қонақ үйлер, профилактория салу жоспарланып отыр. Заңға сәйкес кәсіпкерлікке арналған жер телімдері аукционға қойылады. 2023-2026 жылдар аралығында 10-нан аса жобаны кәсіпкерлер жүзеге асыратын болады. Бұл өз кезегінде қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуына оң әсер етеді, – дейді Ахан Жүсіпов.

Бүгінде Приозерск өңіріндегі кәсіпкерлер көл жағасында пайда тауып, түрлі қиындықтан да біртіндеп өтуде. Маусымдық туризм ауа райына тәуелді. Өйткені, табиғаттың атуы – табиғат. Дегенмен,



РЕФОРМА –
ӨМІРШЕҢ ӨЗГЕРІСТЕР

қиындықты жеңу арқылы шындалу уақыт талабы деп біледі қала кәсіпкерлері.

Ал, «Балқаш» емдеу-сауықтыру кешенінің басшысы Мансур Ахметовтің айтуынша, кешенге келушілер қатары жылдың 12 айында сиремейтін көрінеді.

– Бұл шипажай бірінші кезекте қарағанды аймағы мен көршілес облыстардың тұрғындарын сауықтыру үшін салынды. Бұл жерде әлемдік стандарттар мен талаптарға сай жағдай жасалған. Шипажайда тыныс, жүрек-қан тамыры, перифериялық жүйке және несеп шығару жүйелерінің, тірек-қозғалыс аппаратының ауруларына шалдыққан азаматтар көмек ала алады. Мұнда су, физио, жылумен емдеу, тұз шахтасы, лазер терапиясы, гелиотерапия, саз аппликациясы және емдеудің басқа да тәсілдері қолданылады. Алты блоктан құрылған кешен 150 орынға арналған 120 нөмірді қамтиды. Клиенттерге мейрамхана, оқырман залы бар кітапхана, кино және концерт залы, балалардың бос уақытын ұйымдастыру орталығы, интернет-кафе және сауықтың басқа да құрылымдары қызмет етеді. Бұдан бөлек, мұнда спорт зал, жабық бассейн, боулинг залы, денешынықтырумен емдеу залы, фитнес-орталық бар. Ғимараттардың жалпы аумағы шамамен 22 мың шаршы метрді қамтиды, – дейді Мансур Талғатұлы.

Жаздың үш айында айтулы кешенге келушілердің саны 4500 адамды құрайды екен.

Туризмнен түскен табыс халықтың тұрмысының көтерілуіне игі ықпалын тигізеді сөзсіз. Туризм – әлемде дамуы жағынан дас бермей келе жатқан, ауқымды кең сала. Ол мемлекеттің экономикалық қуатын күшейтіп қана қоймайды, адамдардың экологиялық мәдениетін арттыруда да маңызды рөл атқарады. Көл жағасындағы Приозерскіде туристік кластерді дамыту жолында әкімдіктің жүйелі жоспары бар, мақсаты айқын. Енді, тек жоспар жолға қойылып, мақсат орындалса дейміз.

ПРИОЗЕРСК

• ТЕННИС


Алан шешуші кезеңге өте ме?

Швецияның Хельсингборг қаласында WTA Youth Contender турнирі басталды.

17 жасқа дейінгі жас санатында қарағандылық Алан Құрманғалиевтің аяқ алысы әзірге жаман емес.

Ол литвалық Эрвиназ Узиалоды 3:0 есебімен тізе бүктірді. Швециялық Олле Ханна Шталаны да 3:0 есебімен жеңді. Тіпті, Ноа Дальстром (Швеция) 3:0, Алан Кулчицкий (Польша) 3:1 жеңіп, ширек финалға жолдама алды.

Ал, алдағы аяқтық сығға жолдама алу үшін Алан жапон Ююхи Сакаймен бақ сынаспақ.



• ФУТБОЛ

Бала жанкүйерлерге ізет

«Шахтер» футбол клубы балаларды қорғау күніне ерекше көңіл бөлді. Олар алаңға жас фанаттар салған сурет берленген жейде киіп шықты.

«Тобыл» командасымен өткен ойынға «Шахтер» футболшыларының балалар салған суреттері бар жейде киіп шыққаны жасөспірім жанкүйерлер үшін шынында тосын сый еді. Қарағанды қаласының жас фанаттары өз қылқаламынан туған бейнелерді танымал команда ойыншыларының үстінен көргеніне өте қуанышты. Бұл билығы балалар мерекесіне есте қалардай сый болды.



• ЖЕҢІЛ АТЛЕТИКА

Қазақстан Кубогы басталды

Алматы қаласында жеңіл атлетикадан Қазақстан Республикасының Кубогы басталды.

Жарысқа еліміздің барлық өңірлерінен спортшылар қатысуда. Ұлттық құрамның барлық өкілдері марапаттан демелі. Бұл дегеніміз спортқа көңіл бөлініп, ден қойылды дегенге саяды. Аталмыш турнир үш күнге созылады.



Дайындаған
Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

• КОНФЕРЕНЦИЯ

Қарқаралы тарихы қашаннан басталады?

Орталық Қазақстан Академиясының ұйымдастыруымен «Атыңнан айналайын, Қарқаралы» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция өтті. Қарқаралы жерінің тарихы қазақ елінің тарихымен біте қайнасып жатыр. Ұлтты ұйыстырып, елдіктің туын биік көтерген марғасқаларымыз бен мейталмандарымыздың ізі қалған жердің терен тарихынан сыр шертілді.

«Қарқаралы жасын қай уақыттан бастаған дұрыс?» тақырыбында Еуразия Ұлттық университетінің жанындағы «Еуразия тарихы мен мәдениетін зерттеу» Орталығының директоры Сатай Сыздықов,

Қарқаралы» тақырыбында заң ғылымдарының докторы, профессор Төлеш Қаулыров тұщымды тарихи баяндама жасады. Секциялық жұмысты тізгіндеген филология ғылымдарының докторы, профессор Жансая Жарылғапов пен тарих ғылымдарының докторы, профессор Задаш Дүкенбаева келелі әңгіме өрбітті. Сонымен қатар, конференцияға Қарқаралы ауданының әкімі Ерлан Құсайын, Түркия елінен келген Орду мемлекеттік университетінің профессоры Мұрат Охан мен Мисуд Қарақұлық, Ұлықбек атындағы Өзбек ұлттық университетінен келген тарих ғылымдарының докторы, профессор Дильяром Иноятова, Ж.Баласағұн атындағы Қырғыз ұлттық университетінің аға оқытушысы, доцент Диана Макембаевалар да өздерінің жылы лебізін білдірді.

Жерінің тарихы аңызға, елінің тарихы шежіреге толы мекеннің таңа таусылмас, жылға жеткізбес, газсырға қол ұсындырмас ұланғайыр тарихы конференция өзегіне айналды. Қалың тарих, қатпарлы шежірені түгел парақтап шығу мүмкін емес. Дегенмен, сол тарихтың біразы ұйымдастырушының қолдауымен шыққан «Атыңнан айналайын, Қарқаралы» кітабына жарияланды.

Көк жазиралы жерімен, наркескен ерен ерімен танымал мекеннің талай тарихы шертілді. Бірқатар ұсыныстар да айтылды. Атап айтқанда Ә.Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің доценті, тарих ғылымдарының кандидаты Сәуле Қасымова Қарқаралыға Жақып Ақбаевтың ескерткішін қою, белгілі каламгер Бану Мұқашева, жазушы-журналист Сүйіндік Жанысбай, Аман Жанғожин ой-пікірлерін білдірді.

Сағыныш ӘБІЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Талай ғасырдан бері түтінін түтетіп келе жатқан мекеннің қала мәртебесін алғанына келер жылы 200 жыл толады. Қыдыр дарып, құт қонған киелі мекеннің тарихы тереңде. Конференцияның да басты мақсаты – қала мерейтойын тек 200 жылдықпен шектемей, Қарқаралы тарихын біздің дәуіріміздің 840 жылынан бастап, 2025 жылы 1185 жылдығын атап өту. Бұл тұжырым – академик Ә.Марғұланның тарихи зерттеулері мен археологиялық жұмыстарын және Орталық Қазақстандағы Беғазы-Дәндібай мәдениетінің зерттеулерін, сонымен қатар белгілі ғалым, ҚР ҰҒА академигі Сатай Сыздықовтың тарихи-деректік зерттеулеріне сүйеніп жасалды.

Конференцияның ашылуында сөз алған Орталық Қазақстан академиясының ректоры, ҚР заң ғылымдары академиясының академигі, заң ғылымдарының докторы, профессор Бақтыбай Жүнісов:

– 2021 жылы Қарқабат аңамыздың ескерткішін ашу салтанатында Ұлықбек Есдәулет «Қазақ елі Қарқаралыға қарыз» деп айтып еді. Сол сөзбен толықтай келісемін. Ұлы халқымыздың ұлт болып дамып, ел болуында, керегесі кең, терезесі тең мемлекет болып қалыптасу тарихында Қарқаралының



алар ерекше орыны бар. Әсем табиғатымен танымал Қарқаралы өңірі орта жүзге билік айтқан Қаздауысты Қазыбек би бастаған көсемдер мен сөз бастаған шешендердің, данышпан ойшылдар мен ғұлама ғалымдардың, ірі мемлекет қайраткерлері мен асқан өнер шеберлерінің, ақындар мен батырлардың мекені, – дей келе тарихи конференцияның маңызы мен күн тәртібіндегі мәселелерге тоқталды.

«Қарқаралының көне тарихы» тақырыбында тарих ғылымдарының докторы, профессоры Жамбыл Артықбаев, «Өлке тарихы – Отан тарихының бастауы» тақырыбында тарих ғылымдарының кандидаты, Астана халықаралық университетінің доценті Қанат Өскембаев, «Қарқаралы өңірі: тарих, таным, тағылым» тақырыбында Мәуен Хамзин, «Использование искусственного интеллекта в развитии экологического туризма

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Сауатқа Ақпарат» ЖШС

Директор – **Қ.Ж. ӘБІЛДА**
Директордың орынбасары –
«Индустриальная Караганда»
газетінің бас редакторы –
О.В. МЯГКИХ
Директордың орынбасары –
Г.Ш. ЖҰМАДИЛДИНОВА

Бас редактор –
Е.К. МҰСАБЕК
Бас редактордың орынбасары –
Н.С. ДҮТБАЙ
Сайт редакторы –
І.Д. МҰҚАЙ
Жауапты хатшы –
м.а. Ж.Қ. ШАЛҚАР

Телефондар:
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13
Теміртау, Саран, Шақтық, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
- Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
- Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
- Материалдың жариялану ақысы төленген (®)

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылы 15 желтоқсанда № К218ВР00030163 куәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімжан Ермеков көшесі, №93 үй.

Электрондық пошта: ortalay.kz@gmail.com; ortalay.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalay.kz.reklama@mail.ru

Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD003131,
БИК KСJВKZKX БИН 000840001412

Таралымы 5 885

№65 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылған. Көлемі 2 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор **Жансап ОМАРБЕКОВА**